

2009 жылы кейіннен сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқарушыға беруге жататын мемлекеттік коммуналдық меншік объектісін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 23 маусымдағы № 235 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 27 шілдеде № 3685 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қарашадағы № 08-08/3045 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 2010.11.10 № 08-08/3045 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес, "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңының 16-бабы негізінде Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылы инвестициялық тендер өткізумен кейіннен сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқарушыға беруге жататын Қарабалық ауданы, Смирновка селосы мекенжайы бойынша орналасқан жалпы ауданы 608,3 шаршы метр бұрынғы асхана ғимараты мынадай шарттар бойынша белгіленсін:

кейіннен сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқарушыға мерзімі – 1 ж ы л ;

1 500 000 теңгеден кем емес инвестициялар бөлу; қызмет профилін сатқаннан кейін үш жыл бойы сақтау.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облысы әкімі

С. Кулагин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" ММ бастығы
С. Аймухамбетова

20.07.2009